

К.Р.Исаева

Педагогикалық мамандарға аймақтық қажеттілікке сай бейінді мектепке мамандар даярлау мазмұны

Мақалада болашақ педагогикалық мамандарға аймақтық қажеттілікке сай бейінді мектепке мамандар даярлау мазмұны дайындығының кәсіби-педагогикалық білім мазмұнын таңдау, білім үдерісін ұйымдастыру және білім нәтижесін бағалаумен қатар, білім мақсатын анықтайтын білім алушының әр түрлі салада және қызмет түрінде өз бетінше шешім қабылдай алу қабілетін дамыту болып табылады.

В examined the article maintenance of preparation of specialists for profile school taking into account regional requirements in pedagogical shots, where the primary objective of professional preparation of specialists for the profile educating is providing of popularity of receipt of the valuable special education in accordance with their individual inclinations and necessities, creation of pedagogical terms for students on providing of professional orientation and of self-determination of student, establishment of succession between universal and professional education.

ӘОЖ 75.049

С.Ж.Бодықов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Шығармашылық іс-әрекеттерін жетілдіруде студенттердің өнертанымдық білімдерінің маңызы

«Өнер тарихы және теориясы» пәні арқылы студенттердің шығармашылық іс-әрекеттерін жетілдіру маңызы қарастырылған. Жоғары білім беру жүйесінде болашақ өнер мамандарының шығармашылық іс-әрекеттерін жетілдіруге қатысты нақты ғылыми-өнертанымдық білімдер талданған. Студенттердің өнер тарихы және теориясы негізінде өнертанымдық қабілет жетілдіруге бағытталған арнайы дайындықтың маңыздылығы зерттелген. Бұл бағыттағы студенттердің өнертанымдық білімдерінің мүмкіндіктері оқу үдерісінде толық ашылу әдістемесі қарастырылған. Өнер тарихы сабағында бейнелеу өнерінің тарихы және теориялық даму процесінің білім алудағы ерекшеліктері анықталған.

Кілтті сөздер: өнер тарихы, өнер теориясы, студенттердің шығармашылық іс-әрекеттері, шығармашылық іс-әрекеттерін жетілдіру, болашақ өнер мамандары, білім беру жүйесі, өнертанымдық қабілет, өнертанымдық білім, бейнелеу өнерінің тарихы, көркем мәдениет.

Өнер туындысын шынайы, толық мәнді түйсіне білуге тәрбиелейтін дәлелдердің бірі — өнер тарихы және теориясы. Себебі осы өнер тарихы сабағында ғана студенттер бейнелеу өнерінің тарихы және теориялық даму жөнінде білім алып, көркем шығарманы талдауға және ол туралы өз пікірін сауатты жеткізе білуге үйренеді. «Бейнелеу өнері тарихы және теориясы» пәннің мақсаты — студенттердің көркем педагогикалық заңдылықтар жайында білімдері мен практикалық дағдыларын нығайтып, шынайы өнер мәселелерін түсінуді жетілдіру.

«Бейнелеу өнері тарихы және теориясы» пәнінің басты міндеті — оқушылардың бір-біріне ұқсамайтын айшықты әр алуан түстердің үйлесімділігін, түрлі пішіндерді жіктеп, саралай білуге үйрету, көзге бірден байқалатыны айқын, ашық әсем түс атаулының барлығын талғамсыз қабылдай салудан сақтап, әсемдік атаулыға неғұрлым саналы қараудың, кейбір сезім белгілері мен әр алуан көңіл-күйдің пайда болуына қарай жүргізіледі.

Қазіргі білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер мен жаңашылдыққа бетбұрыс жеке тұлғаның шығармашыл болуын талап етіп отырғанымен, оқу үдерісінде бұл мәселені қазіргі талап, қоғамдық сұраныс тұрғысынан шешудің ғылыми-теориялық негізі жүйеленбеуі; жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде болашақ мамандардың шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыруға қатысты нақты ғылыми-әдістемелік еңбектердің жеткіліксіздігі, студенттердің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыруға бағытталған арнайы дайындықтың ұйымдастырылмауы; бұл бағыттағы оқу-тәрбие

үдерісінің мүмкіндіктерінің толық пайдаланылмауы, өнертанушылық тұрғысынан тарихи сараланбауы болып келеді.

Бейнелеу өнерінің әр алуан түрлерін пайдалана отырып, студенттер әсемдік атаулының бәріне деген сезімталдыққа бейімделеді, студенттің көркемдікке деген сезімі қалыптасып, қиялы мен сезімі дами түседі. Өз өлкесінің сұлу табиғатын сезінеді, әсіресе ұлттық бейнелеу өнерінің түрлерімен танысуға жол ашылады. Студенттер табиғат көрінісін бейнелегенде негізгі мақсат — айналаны қоршаған ортадағы нақты құбылыстар мен табиғат көрінісінің ерекшеліктерін түсініп тануға талпынады [1].

Бейнелеу өнері сабағын белгілі бір ережеден бастаған жөн: бірінші, байқампаздыққа, талғам мен танымға тәрбиелеу; екінші, бастаған суретін аяқсыз қалдырмай, қалайда аяқтауға, ұқыптылыққа, төзімділікке тәрбиелеу; үшінші, бұл қойылған талаптарды оқушыларға саналы түрде түсіндіріп, оқушыларды өзінің және жолдастарының салған суреттеріне әділ баға беріп талдай білуге үйрету қажет.

Оқушылардың ой-өрісінің жетілуіне орай олардың іскерлігі мен дағдыларын жетілдіре отырып, бейнелеу өнеріне тәрбиені нақтылы жұмылдыру қажет. Олай дейтініміз оқытудың қазіргі әдіс-тәсілдері бұрынғы бір орталыққа бағынған әбден ескірген баяғы ескі сұрлеумен болған оқыту жолдарымен келеміз. Ол мұғалімді де баланы да зеріктіріп болған бұрынғыны қайталау әдістері.

Өмір талабына сай оқытуға база жоқ. Оның үстіне педагогикалық кадрларды сапалы дайындақтарын өткізу керек. Әсіресе жас мамандардан жігерлікті, ізденгіштікті, шығармашылықты, ұлттық дәстүрді терең меңгеруді қатты қадағалау, яғни, педагогикадағы ұлттық кадрларымыздың сапасын арттыру қажет.

Бұдан шығатын қорытынды: жас ұрпақ өз туған халқының ұлттық өнерін оқушы жүрегіне ұялатып, жаңа пәндер енгізу (мысалға, пайымдау пәні), оны жүйелі түрде оқытудың пайдасы зор болмақ. Бұл жас ұрпаққа ұлттық санада тәрбиелеу саласында ғана емес, халыққа білім беру саласының ойланатын өзекті мәселесінің бірі.

Мәдениет өмірінде жаңа ой-толғауының ағыны кідірілген кезеңдер болады. Оған көптеген себептер бар. Уақыт өте келе өнердің шығармашылық екіні де, оған әсер етуші күштер де өзгереді. Қазақстан бейнелеу өнері тарихын сөз еткенде ол өткен жетпіс немесе сексен жыл онша ұзақ мерзім емес. Бірақ суретшілердің не бары бірнеше ұрпағының өткен жолы, тұтас алғанда, Қазақстан өнерінің өзіне тән ерекше бейнесі бар деп айтуға мүмкіндік береді.

Бүкіл Кеңес Одағындағындай, Қазақстанда да саяси идеология көркем мәдениет арқылы жүзеге асты. Қазіргі көркем мәдениеттің қалыптасуы тарихи-өнертану тұрғысынан терең зерттеуді талап етеді. Көптеген суретшілер осы жерге өз еріктерінен тыс келсе де, өлкенің көркем мәдениетіне үлкен үлес қосты. Олардың тоталитарлық жүйеге карама-қайшы өнерлері, шығармашылықтары ішкі рухани бостандыққа, шығармашылық тәуелсіздікке ұмтылушылықтары, идеология құрбандары болуларына себеп болса да, шығармалары келер ұрпаққа үлкен мұра болмақ. Сөз жоқ, Қазақстан суретшілері сол уақыттағы кеңес өнерінде белгіленген негізгі ой мақсаттың әсерін бастан кешті.

Суретші табиғат ортасында, колхозда, зауытта — қайда жүрсін мейлі, көзі көріп, көңілге түйген әсем көріністі қағазға түсіргенше асығады. Суретшінің кез келген жұмысы суреттен басталады. Ол болашақ картинасын бастамас бұрын әуелі кенепке оның нобайын салып шығады. Сондықтан да ұлы шеберлердің қай-қайсысы да суретке үлкен мән берген. Егер табиғат көрінісін салсақ, біз күн шуағын, ай нұрын немесе себелеген ақ нөсер мен бұлыңғыр мұнарды да көре аламыз.

Жиырмамыншы ғасыр ортасындағы соцреализм тәрізді супержанрлар билегенмен, сырттағы идеология диктаты, соның ішінде Қазақстанда да, өнерде де дағдарыстық аялдау байқалды. Өнер қысқа уақытқа шектеліп, тыйым салынғаны байқалды. Олардың кейбіреуі ашық түрде бейсаясаттанды. Кеңес ресмилігіне жат шығармалар пайда болды, суретшілер көрмелік салтанаттылық шектеулерден қашты. Оған дәлел суретшілер шығармаларында еңбекші адам бейнелері, туған жер пейзаждарының нақыштары пайда болды. Олар тебіренетін лиризм әуенінде баяндау мәнінің трагедиясын көре отырып, мөртаңбалық плакаттардан қашты. Идеологиялық агрессия тәртібінің жаңа толқыны осы аялдауды үзгенге дейін кейбір суретшілер 30-шы жылдардағы мифологиялық шығармашылық мәнді білдіретін «жарық жол» метафорасымен ешқандай қатыссыз халық тағдыры тақырыбына ұласқан бірқатар картиналар жасап үлгерді. Бірақ халық жолы — тарихи сынаулардың ауыр тізбектері. Соғыстан кейін жалғастырған қуғындаудың жалпы толқыны осындай буын болды. Бұл оғаш болып көрінуі мүмкін, олардың шығармаларының мазмұны даусыз [2].

Өнер өзінің бастау бұлағына ежелгі халықтық түп негіздеріне ықылас білдіруінде оның этнографиялық, одан кейін поэтикалық дәрежелеріне өткесін, жаңа биікке шығып, оны пайымдаудың философиялық дәрежесіне көтерілді деуге болады. Сахнаға шыға бастаған суретшілердің келесі ұрпағы, тегінде, алдыңғылардың осы бағыттағы ізденістерін одан әрі жалғастырып, халықтық характері мен халықтың тарихы туралы ұғымды тереңдете түсуге тырысатын және қазіргі заман құбылыстарын да тереңірек пайымдайтын болар.

Қазақстанның бейнелеу өнерінің тарихи маңызды, қызықты және қиын шығармашылық жолдары осы сұрақты толық қамтып оқыту керектігін алдын ала анықтайды.

Қазақстанның бейнелеу өнері тарихын зерттеуде Қазақстанның бейнелеу өнерінің тарихи даму ерекшелігін жүйелі оқуға әрекет етіліп отыр. Ғылыми айналымда хронологиялық кезеңдерді есепке ала отырып, тарихи танымдық жайда бейнелеу өнерін талдау нәтижесі болып табылатын және бейнелеу өнерінің құрылу және қалыптасу үдерістерін қарастыратын мәліметтер енгізіледі. Өнердің қалыптасу кезеңіне кіретін суретшілердің шығармашылықтары бейнелеу өнерінің құрылу үдерістерінің ерекшеліктерімен және осы кезеңнің әлеуметтік-психологиялық және саяси жағдайларының өзгешелігімен қарастырылады.

Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігін алған кезде қазіргі өнерді әрі қарай дамыту бойынша шаралар туралы өнер тарихын, оның даму кезеңдерін зерттеуде жүйелі және әдістемелік дұрыс ыңғайын табуды қалыптастыру өте маңызды.

Жалпы, Қазақстанның көркемдік мәдениеті мен өнері өзгеше қалыптасты. Бұл өнерді тездетіп индустрияландыру кезеңі болды, мындаған тұтқындар мен қуғындалған, жер аударылғандардың еңбектері пайдаланды. Мұнда өз құқықтарын қорғай алмай қысым көрген қоғамдық топтар көп болды, олардың мәдени-ұлттық, түбірлері әлеуметтік саналы түрде кесілді. Жазаланған суретшілердің шығармашылықтары — зиялылардың ой-пікірлері — лагердегі тәртіппен төмендетілді, шектелді, жасырын болды. Қазір қоғамда бұл мұраға да аса қызығушылық бар. Атап айтқанда, бізге жер аударылғандар сондағы елдер мен шетелдердің жүздеген өнер мен мәдениет қайраткерлері болатын. Осы өнер қайраткерлерімен қиын, жан түршігерлік жағдайда жасалған бірегей мәдени мұралар құрастырылды. Бұл тек Қазақстанның бір қаласының ғана мысалға алған мәдени тарихы.

Қазақстанның көркемдік өмірі туралы хрестоматиялық сұрыптау, материалдардың жиналуы және жүйеленуіне шетел, Қазақстан және әр аймақ тарихшылары, өнертанушылары белгілі еңбек сіңірді. Қазақстандағы кәсіпқой бейнелеу өнер тарихы бойынша олардың зерттеулерінсіз және жалпы талдаусыз көркемдік шығармашылық саласын дәріптеуінсіз осы жұмысты жазуға мүмкіндік болмас еді. Қазақстанның мәдениеті мен өнерін оқудың жалпы дәрежесі осы күнгі көркемдік тәжірибенің нақты зерттелмеген беттерін ашуға жаңа міндеттер қойып отыр.

Біріншіден, еліміздегі көркем мәдениеттің қалыптасуын дара феномен ретінде саралап тану қажеттілігі; екіншіден, өнер шығармаларын ғылыми-өнертану тұғысынан талдау керектілігі; үшіншіден, осы мәселені жалпы еліміздің мәдени тарихының маңызды, сабақ болар бөлігі ретінде тану қажеттілігі.

Бізді қызықтыратын танымның мәселелері — Қазақстандағы кәсіпқой бейнелеу өнерінің қалыптасу ерекшелігі республиканың өнер зерттеу ғылымының маңызды тарауларының бірі болып табылады, өйткені Қазақстан тәуелсіздігін алумен дербес мемлекет ретінде мәдениеттің жаңа жалпы негізгі пікір, тұжырымдамасын қажет етеді.

Өнертанымдық әдістеме аспектісіне: технологиялық (іс-әрекеттің жаңа тәсілдерінің пайда болуы) және тұлғалық-шығармашылықты (адамның креативті тұлға ретінде қалыптасуы) жатады.

Өнерсүйгіш, мәдениетті тәлім-тәрбиенің, үйлесімділіктің, тәртіптің өлшемі адамның үздіксіз рухани жетілуі мен көп қырлылығының көрінісі деп ойшылдар бағалады. Олар адам ақыл-ойының тәуелсіздігін батыл қолдады, мәдениет адамның ішкі табиғи мүмкіндіктерін, ақыл-ойын жетілдіретін қуат көзі деп санады. Ойшылдар пікірінше, мәдениет пен өнер — білім мен тәрбиенің құралы, адам қабілеттерін дамытудың тетігі және мәдениетте адамдық пайым-парасат, ақыл-ой, ізгілік пен әдемілік.

Қазіргі заманда мамандарды тар көлемді кәсіптік даярлау әлемдік қауымдастыққа ұтылып, бәсекелестік өмір сүрудің басты шартына айналған бүгінгі өзгермелі дүние жағдайындағы талаптарға сәйкес келмейді, жоғары кәсіптік білім берудің маңызды бөліктерінің бірі болашақ мамандардың жеке мәдениеті болып саналады. Жоғары білім тек кәсіптікпен ғана шектелмейді, ол адамның жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі [2].

Шығармашыл тұлғаға тән сапалардың бірі оның адамзаттың мұра етіп қалдырған мәдени құндылықтарды оқып үйрене отырып, өзінің даму ерекшеліктеріне сәйкес жеке мәдениет үлгілерін таңдай алуы. Жалпы адамзаттық мәдениеттен өзіне қажеттісін таңдап өз бойына дарыту нәтижесінде тұлғаның жеке мәдениеті қалыптасады. Тұлғаның жеке мәдениеті өз қызметін шығармашылық әрекетпен айналысқанда ғана жүзеге аса алады.

Болашақ маманның шығармашыл ойының дамуы белгілі бір әлеуметтік ортада, соның әсері арқылы дамиды және сол ортада оның өзін қаншалықты ұйымдастыра алатындығына байланысты. Шығармашылық жоғары адам қоғамда әлі шешімін таппаған мәселелердің жауабын іздеуге ұмтылады. Бұл жолда ол түрлі қарама-қайшылықтарға келуі мүмкін. Шығармашыл маман осы қарама-қайшылықтан өз жолын таба біледі. Қазіргі қоғам кез келген мамандық иесінің жоғары кәсіптік біліктілігіне ғана емес, оның рухани моральдік бейнесіне, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау мәдениетіне де үлкен талаптар қояды. Сондықтан болашақ маманның шығармашылық іс-әрекетінің дамуының өнертанымдық мазмұнының мәні оның ойлау, іс-әрекет және қарым-қатынас мәдениетін менгеруі болып табылады.

Қазіргі таңда тұлғаның шығармашылығы жоғары деңгейлеріне көтерілуі өнертанымдық ұстанымның негізгі ойларымен тығыз байланысты. Біз қарастырып отырған шығармашылық іс-әрекетті жетілдіру мәселесінде де өнертанымдық мазмұн бар. Сондықтан көтерілген мәселеге сәйкес болашақ мамандардың шығармашыл ойлауын жетілдіру мәселесінің өнертанымдық қыры да қарастырылды [3].

Осыған орай өнертануды оқытуда келесі шарттар айқындалуы қажет.

Қазіргі қоғамның даму талаптарына сай болашақ өнертану мамандарын кәсіби даярлаудың әдіснамалық, тарихи-педагогикалық, ғылыми-теориялық негіздері айқындалуы керек.

Болашақ өнертану мамандарына білім берудің дидактикалық негіздері сұрыпталып, жоғары оқу орындарында инновациялық технологияларға жаңаша сипаттама берілді және оларды қолданудың инновациялық бағытта оқытудың дәстүрі анықталса.

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытуда инновациялық технологиялар арқылы болашақ өнертану мамандарының кәсіби шығармашылығын жетілдірудің теориялық моделі құрылып, білім беру жүйесінде өнертанушының кәсіби деңгейінің дамыту жолдары жасалса.

Болашақ өнертану мамандарының кәсіби даярлау жүйесін жетілдіру жолдарында біздің инновациялық бағытта ұсынған тұжырымдама арқылы әдіснамалық оқытудың жаңаша жүйесі басшылыққа алынуы қажет.

Қазіргі заман талабына сай болашақ өнертану мамандарын тәрбиелеудің өзекті мәселелерінің әдіснамасы көрсетіліп, оны шығармашылық деңгейде кәсіби дамытудың жолдары көрсетілуі керек [4].

Болашақ өнертану мамандарын кәсіби даярлау жүйесінің ғылыми-теориялық және практикалық зерттеулердің нәтижелері эксперимент жүзінде дәлелденіп, ол нәтижелер жоғары оқу орнының кредиттік оқу жүйесіне енгізудің дидактикалық жолдары арқылы анықталды. Соған орай әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытудың әдістемелік жүйесін анықтау барысында оқу-әдістемелік құралдары және кредиттік технология бойынша таңдау пәндері ретінде арнайы курстары оқу үдерісіне ендіріліп, тәжірибелік-эксперименттік талдау жұмыстарын жүргізуде өз нәтижесін беретіндей жағдай тудыру.

Жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие үдерісінде замануи білім беру технологияларын тиімді пайдалану нәтижесінде болашақ өнер саласындағы мамандардың шығармашылық, технологиялық, қарым-қатынас кәсіби мәдениетін жетілдіру әдістемелерін негізге алу қажет [5].

Қарастырылып отырған зерттеу жұмысы күрделі болғандықтан, оның барлық салаларын түбегейлі талдап, қамтып шығу мүмкін емес. Алдағы уақытта осы мәселе өнер саласындағы жоғары оқу орындарында қолдану ерекшелігі тұрғысында, бұл саладағы басқа да мамандықтар үшін педагогикалық мүмкіндіктерін сабақтастыру бағыттары өз алдына арнайы зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Бейнелеу өнерінің аймақтық дамуының кейбір тұстары (80–90 жж.) // Қазақстан және Орталық Азияның дәстүрлі және қазіргі заман өнері: Халықарал. ғыл.-практ. конф. материалдары. — Алматы: «Үш қиян» баспасы, 2004. — 592 б.
- 2 *Ергалиева Р.А.* Этнокультурные традиции в современном искусстве Казахстана. — Алматы: Ғылым, 2002. — 183 с.

3 Мұратбаева Г.А. Болашақ өнертану мамандарын кәсіби даярлауда инновациялық білім беру ерекшеліктері // Дәстүрлі дүниетаным жүйелері және қазіргі кезеңдегі өнер: Халықарал. ғыл. конф. материалдары. — Алматы: Т.Жүргенов атындағы ҚҰӨА, 2009. — 259 б.

4 Бодықов С.Ж. Қазақстан кәсіпқой бейнелеу өнерінің тарихы: Оқу құралы. — Қарағанды: ЖШС «Орман» баспасы, 2008. — 89-б.

5 Қазақстан кәсіпқой бейнелеу өнерінің қалыптасуындағы кейбір тарихи беттері // Жаһандану және қазіргі замандағы университеттер: Халықарал. ғыл.-тәжір.конф. материалдары. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. — 482-б.

С.Ж.Бодиков

Роль искусствоведческого образования в совершенствовании творческой деятельности студентов

В статье рассмотрены проблемы влияния изучения истории изобразительного искусства на формирование творческих качеств студентов. Выявлены теоретические основы совершенствования творческой деятельности будущих специалистов и систематизировано содержание обучения в процессе получения высшего образования. Проанализирована эффективность модели совершенствования творческой деятельности будущих специалистов и обоснованы критерии, показатели и уровни. Выявлены педагогические условия повышения эффективности развития творческого потенциала будущих специалистов в системе высшего образования.

In this article is considered the problem of studying history of art influence at shaping creative qualities. The present stage of modernization of education in the Republic of Kazakhstan regards a wider spectrum of problems which is associated with improving the quality of education, with the creation of conditions for the realization of human potential. Formation of the informational society the creation of new social, economic and political relations place increasing demands on the quality of training increasing level of requirements for future specialists as a self-creative person, ready for future life actively developing a situation of social change and participating in the transformation of society.

УДК 371.13(370)

Г.Н.Манашова, Д.Б.Есмагамбетова

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова

Формирование экономической компетентности будущего педагога профессионального обучения

В статье рассмотрены понятия «компетентность», «компетенция», «экономическая компетентность» в трактовке различных авторов, сделан анализ этих понятий на основе литературных источников, проанализирован Государственный общеобязательный стандарт образования по специальности 5В012000 – Профессиональное обучение. Особое внимание уделено требованиям к экономическим и организационно-управленческим компетенциям. В структуре экономической компетентности специалиста выделены группы компонентов: фундаментальные свойства личности, ключевые и практические экономические компетенции, которые представляют собой системное единство. Описаны возможности специалиста, обладающего экономической компетентностью, построена система экономической компетентности специалиста.

Ключевые слова: компетентность, компетенция, экономическая компетентность, анализ, Государственный общеобязательный стандарт образования, организационно-управленческая компетенция, профессиональное образование, будущий педагог, развитие экономического мышления, экономические знания и умения.

В современном мире образовательные системы испытывают воздействие различных социальных факторов. Это связано с тем, что многие страны пришли к обществу с высокоразвитой экономикой, основанной на знаниях и информации. Как никогда раньше доступ к этим ресурсам, наряду с мотивацией и умением граждан их использовать, становится важным для укрепления конкурентоспособно-